



Аршалы айнасы

АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ
2007 жылдың қаңтар айынан бастап шығады

14 ҚАЗАН, ЖҰМА.
2016 ЖЫЛ, №42 (522)

Әкімдік жаңалықтары

ЖҰМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ КЕРЕК

Аудан әкімі Азамат Тайжанов барлық ауылдық округтер және Аршалы кенті әкімдері мен дербес бөлім басшыларының қатысуымен кезекті аппараттық кеңес өткізді.

Кеңесте ең бірінші болып аудан шаруашылықтарындағы күзгі дала жұмыстары мәселелері қаралды. Ол туралы ақпаратты Аршалы ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы міндетін атқарып жүрген Меңгүл Ибраева жасады.

Атап өтілгендей, биылғы жылы астық жинау алаңы аудан бойынша дөңді және дөңді-бұршақты дақылдардың көлемі 173,1 мың гектарды құрады. 10 қазанға дейін оның 144,4 мың гектарындағы астық алынып отыр. Бұл егілген жердің 83,4% құрайды. Орташа өнімділік аудан бойынша – 12,0 центнер шеңберінде.

Сондай-ақ "Еңбек-1" ЖШС өнімділігі 13,0 ц/га, "Ақтасты – Агро" ЖШС – 11,1 ц/га, "Адал ниет" ЖШС – 14,2 ц/га, "Ижевский" ӨК – 16,2 ц/га ауыл шаруашылығы және басқа да бірқатар шаруашылықтар толық астық жинау науқанын аяқтады.

Майлы дақылдар ауданымызда 3,6 мың гектарды, яғни 39% - егістікті құрайды. Өнімділігі 6,4 ц/га, 2,9 мың га жерден зығыр жиналды. Ол дегеніміз 76,4 пайыз, орташа өнімділік 6,8 ц/га.

765,4 гектардағы бүкіл егістіктен картоп жиналып алынды. Орташа өнімділік аудан бойынша 216,6 центнерді құраса, ал "Еңбек-1" ЖШС 323,4 центнерден жинап алды.

Бір мезгілде нанды жинаумен қатар ауылдастар егістік алқабында өңдеп үлгеруде. Оның өзінде 34 мың гектар өңделсе, жоспар бойынша 54 мың га болады.

Өңір басшысы Азамат Тайжанов баяндамашыны тыңдаған соң барлық ауылдық округ әкімдері мен бөлім басшысына егін жинау жұмыстарын және бүкіл күзгі дала жұмыстарын тезірек аяқтауын тапсырды. Ауылдықтар егер нан қар астына кететін болса онда оларды мемлекеттік жерлерді тиімсіз пайдаланғаны үшін және елдің азық-түлік қауіпсіздігін бұзғандығы бойынша жауапкершілікке тартатынын білуі тиіс деді. Дикандар азық-түлік желісі бойынша алған несиелерді қайтаруды да ескерген жөн.

Азық-түлік корпорациясының алдағы күндері 177 миллион теңге қайтарылуы тиіс.

Бұдан әрі кеңесте Аршалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысы Гүлзада Жекебаева ауданда халықаралық карттар мен мүддеттер күніне байланысты өткізілген және айлық барысында өткізілетін іс-шаралар туралы баяндады.

Ақпаратты тыңдаған аудан әкімі Азамат Тайжанов ауылдық округ әкімдері мен әлеуметтік қызметкерлеріне айлығы шеңберінде карттарға әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

Біз үлкен мерекеге Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын тойлаптықпыз. Сондықтан әр зейнеткерге аса көңіл бөлу өте маңызды, – деп атап өтті Азамат Айтбайұлы. Оның үстіне олардың осындай мерекелік шараны атап өтуімізге

тигізген еңбектері зор деді.

Кеңес барысында Анар мен Арнасай ауылдық округ әкімдері Дмитрий Чернов пен Александр Гутярыңағымдағы жылдың 9 айы бойынша атқарылған жұмыстары туралы есебі тыңдалды. Александр Гутярың көшелерді жарықтандыруды, көріктендіруді сынды мәселелерді қоспағанда, Дмитрий Чернов аудан әкімі тарапынан қатаң сынға ұшырады.

Бүгінгі күні Анар ауылдық округінде бірде-бірі мемлекеттік бағдарламалар бойынша мал шаруашылығын дамыту, шағын және орта бизнесті дамыту, жана жұмыс орындарын құру және т.б. мәселелер бойынша ешқандайда жұмыс істелмейді.

Сіздің округіңіз бір жерде ешқандай әлеуметтік-экономикалық даму өсімінсіз қалықтап тұр – деді Азамат Айтбайұлы. Ауылдық округі әкімінің ешқандай ұйымдастырушылық рөлі көрініп тұрған жоқ.

Аймақ басшысы Дмитрий Черновқа жұмыс істеу әдістерін қайта саралап шығуын ескертті.

Сондай-ақ кеңесте "Аршалывет" директоры Ержан Қожасбаевтың жұмысты қанағаттанарлықсыз деп танылды. Ағымдағы жылдың 9 айында ірі қара мал, шошқа, қой, жылқыларға екпе егу тапсырмасы толық орындалған жоқ, мал дәрігерлерінің барлық мүмкіндіктері бола тұра, өз бетімен ақша табу, халыққа мемлекеттік қызмет көрсету сынды жұмыстары да ойдағыдай емес.

Е. Қожасбаевқа анықталған кемшіліктерді жоюды тапсырды.

Кеңесте басқа да ағымдағы мәселелер қаралды.

Мәдениет жаңалықтары

МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЖИНАЛЫС

10 қазан күні Жастар орталығының ғимаратында Аршалы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы А. Байжұманың төрағалығымен ауылдық мәдени клуб және ауылдық кітапхана директорлары мен кітапханашыларының қатысуымен жиналыс өтті.

Аршалы аудандық мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Тазагүл Тналина, орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Валентина Карпич ағымдағы жылдың тоғыз айында атқарған жұмыстары туралы ақпарат берді.

Содан кейін мәдениет мекемелерінің қызметкерлеріне "Аршалы аудандық мәдениет үйі" МКҚК жаңа басшысы Қ. Ержанды таныстырды. Жаңа басшы өзінің алда атқаратын жұмыс жоспарымен бөлісіп, келешекте де бірлесе қоян-қолтық

жұмыс істейтіндерін және оны бір ауыздан қолдайтынына сенетінін айтты.

(Жалғасы 2-бетте)



Бағдарлама қуантады

ҚУАҢЖЫШЫМЫЗ КӨБІЖЕЖ БОЛҒАЙ

Алдағы газетіміздің санында хабарлағанымыздай Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы компаниялар тобы «Елім менің» атты әлеуметтік инвестициялық бағдарламаны қолға алып, оны біздің ауданымыздан бастады.

Бағдарламаның мақсаты ел аймақтарында халықтың тұрмыс деңгейін көтеруге, тұрғындардың сапалы қызмет түрлерін пайдалануларына ықпал ету, білім, мәдениет және денсаулық сақтау нысандарына көмек

көрсету болып табылады. «Самұрық-Қазына» холдингі құрамындағы кен орындарын игеру және өңдеу кәсіпорындары аталмыш бағдарлама аясында алғашқы кезеңде, яғни 2016-2017 жылдары Ақмола, Павлодар және Маңғыстау облыстарын қамтымақшы.

Әрине, бүгінгі күні құрамына барлығы 500-ден астам компания кіретін «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының мүмкіндігі өте жоғары екендігі белгілі. Сондықтан да, оның ел аймақтарында әлеуметтік



инфрақұрылымды жақсартуға мейлінше көбірек үлес қосу тұрғысында арнайы бағдарламаны компаниялар тобының «Samruk-Kazyna Trust» қоры қолға алған екен.

Аудан әкімінің бастамасымен аталмыш қор бағдарлама аясында №1 Аршалы орта мектебіне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізіп, спорт залына қажетті құрал-жабдықтар сатып алды. Мектеп ауласында Street Workout алаңы орнатылса, орталық алаңға балалар ойнайтын алаң, тағы басқа да салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал ететін орындар бой көтерді. Саябақтың ашылу салтанатына Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісінің депутатта-

ры Қуаныш Сұлтанұлы Сұлтанов, Бейбіт Баймағанбетұлы Мамыраев, ҚР білім және ғылым вице-министрі Бибігүл Амангелдіқызы Асыллова және «Самұрық-Қазына» холдингі өкілдерімен қатар, республикалық және облыстық баспасөз құралдарының өкілдері шақырылған. Мектептің спорт залындағы қондырғыларды қалай пайдалану керектігін Олимпиада чемпионы Юрий Мельниченко таныстырса, саябақтағы воркаут алаңын спорттың Street Workout деген түрінен әлем чемпионы Дияз Биджиев өзінің әріптестерімен бірге таныстырды. Сондай-ақ, Bar Bars өкілдері де осы арада өз өнерлерін паш етті.

Шараның ашылу салтанатында «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының бас директоры Ерлан Қожабергенұлы Дәрімов қордың қолға алған істері, «Елім менің» бағдарламасының мақсаттары жайлы баяндап берді. Сондай-ақ, аталмыш қордың басқарушы директоры Лима Диас спорт залындағы қондырғылармен таныстырды. Рас

спорт залын жақсы жабдықтаған. Аудан орталығында бір кездері қараусыз қалыңқырап тоза бастағаны сөзсіз.

Әрине, бұл арада қолға алынған бағдарламаны сынайық деген ой жоқ. «Самұрық-Қазына» қоры тамаша бастаманы қолға алған. «Елім менің» бағдарламасы аясында әлі талай игі істердің жүзеге асырылатынына күмән жоқ. Құрметті аршалылықтар! Қиын еңбек пен талағай қаржыға салынған саябақты көзіміздің қарашығындай сақтап, керемет демала білетін орыңға айналдыру сізбен біздің қолымызда екенін айта кеткенді жөн көрдік.

Суреттерді түсірген В. ЦЫГАНОВ.



Қазыналы қарттарым

АУДАН ӘКІМІ АРДАГЕРЛЕРДІҢ
ҮЙІНДЕ ҚОНАҚТА БОЛДЫ

Биылғы қазан айында Аршалы кентінің тұрғыны Пелагея Ивановна Антипова өзінің 107-ші туған күнін атап өтуде.



Бұл әйелдің тағдыры қызық әрі ауыр десек те болады. Ресейдегі Алтай өңірінің Сыропятово ауылында көп балалы отбасында дүниеге келген ол 12 баланың тұңғышы еді. Балалық шағы оңай болмады. Үйде береке болсын деп, жас қыз үлкендермен қатар жұмыс істеуге тура келді. Күйеуге ерте шығып, төрт баланы дүниеге әкелді.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталды. Жолдасы Антипов Ефим Қызыл әскер қатарына шақырылып, жанұяның барлық шаруасы нәзік жанды Пелагеяның мойнында қалды. Трактористер курстарынан өтіп, ЧТЗ тракторында колхозда жұмыс істеді. Сол кезде басынан өтпегені жоқ! Екі баласынан айрылды. Соғыстан кейінгі жылдар да өте ауыр болатын.

1949 жылы Пелагея Ивановна сырқат күйеуі және екі баласымен Қазақстанға қоныс аударды. Балабақшада күтуші, Ауыл кеңесінде еден жуушы, ФАП-та санитарлық қызметкер сияқты жұмыстарды атқарды. Жолда-

сы жақын арада өмірден өтті, үйленіп, отбасылы болып үлгерген балаларымен бірге ол Вишневка, қазіргі Аршалы кентіне көшіп келді. Бүгінгі күнде Пелагея Ивановнаның бес немересі, тоғыз шөбересі мен бес шөпшегі бар.

Қарт ананы 107-ші туған күнімен аудан әкімі Азамат Тайжанов, Аршалы кентінің әкімі Қайрат Шалов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрайымы Шырынкүл

Ұзақбаева келіп құттықтады. Өз атынан алғыс хат, сыйлығы мен гүл шоғын табыстаған аудан әкімі: «Пелагея Ивановна, біз Сізді құрмет тұтамыз, өзіңізге тән даналық, шыдамдылық, төзімділікті жас ұрпаққа үлгі етеміз! Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз!», - деп жылы лебізін білдірді.

1 қазан күні Қарттар күніне және кәсіби мереке - Мұғалімдер күніне орай Азамат Тайжанов, сондай-ақ, педагогика саласында 40 жыл қызмет атқарған көп балалы ана Әукенова Қайша



Смағұлқызын және Ленинград блокадасына қатысқан Пригица Тамара Ивановнаны арнайы барып құттықтады.

Риза болған ардагерлер Азамат Айтбайұлына алғысын білдіріп, ауданымыз бен барша Қазақстанға гүлдену мен бақыт тіледі.

Суреттерді түсірген: В. ЦЫПАНОВ.



Заң және адам

КЕЗДЕСУГЕ ҮМІТТІ

Түзету мекемесіне түскеннен кейін, адамның өмірі өзгереді. Ол режім бойынша өмір сүре бастайды. Сотталушы болғаннан кейін оның өзіндік міндеттері мен құқықтары бар. Соның үшіндегі құқығы — ол қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кездесуді ұсыну.

ЕЦ-166/5 мекемесінде сотталушыларға сондай-ақ кездесулер ұсынылады. Сол үшін арнайы бөлмелер орналасқан, сол бөлмеде олар өз жақын туған-туыстарымен кездесе алады. Қысқа мерзімді кездесулерге арнайы бөлмелері жабдықталған, ал ұзақ мерзімді кездесулерге жеке бөлмелерінде сотталушы мен туған-туыстары уақыт өткізіп, сөйлесе алады, соның ішінде асхана, жуынатын бөлмелері арнайы жабдықталған.

Туған-туыс, жақындарымен кездесіп, сотталушылар да жақсы жолға түсуі де ықтимал. Мекеме әкімшілігі жыл сайын кездесу бөлмелерінде жөндеу жұмыстары

жүргізіліп, тағы бір қосымша бөлме қосып, сондай-ақ бөлменің ішіндегі жиһаздарды жаңартты. Кездесуге арналған бөлмелердің жағдайларын мекеме әкімшіліктері жақсартып, сотталушылар мен олардың туған-туыстарына деген қамқорлық пен назарларын көрсетеді. Осы кезең сотталушыларға ықпал жасайды. Туған-туыстарымен кездескен кезінде сотталушылардың өз жанұясымен

байланысы сақталып, болашаққа деген жаңа бір үміті пайда болады. Адам өзінің туған шаңырағының жылулығын бағалап, жақын адамдары күтіп отырғанын түсіне бастайды.

Е. ҰЗАҚБАЕВ,
мекеме бастығының режім және жедел жұмысы бойынша орынбасарының м.а.,
әділет майоры



Тіл тағдыры- Ел тағдыры

БІЗДІҢ БАЙЛЫҚТАРЫМЫЗ

Мемлекет Қазақстан елдерінің тілдерін дамытуы мен үйренуі үшін шарттарын құрды. 22 қыркүйек Қазақстан халқының барлық азаматтарына ортақ мерекесі болды.

Қазақстан халқының Тілдер күні мерекесін тойлауына орай, ЕЦ-166/5 мекемесінің қарамағындағы кешкі (ауысымды) орта мектебінде қызықты мерекелік іс-шара өткізілді.

Халық тілі- ол оның басты байлығы. Әрбір халық өзінің тілін ең әдемі деп санайды. Солай болуы тиіс. Осы туралы «Полиглот» байқауында әңгіме қозғалды. Осы мерекелік іс-шараны 8-11 сынып жетекшілері Н.А. Дектярева, С.Т. Омарова, В.И. Кучма өткізді, сұрақтарға жауап берді. 8-9 сынып оқушылар арасында «Гәрбие басы- тіл» атты байқауында әдеби кешінде мәнерлеп оқу сайысы өткізілді.

Оқушылар Қазақстанда осы үш тілдің маңыздылығын айтты. Хамзин Саят, Чистяков Геннадий, Серіков Оразғали, Джафа-

ров Руслан, Гарифулин Рамиль қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде тақпақтар оқыды.

Қазақстанда үш тілдің маңыздылығын айтып, оқушылар тіл білімдерін растады.

«Мемлекеттік тіл» атты сынып сағаты әр сыныптарда өткізілді.

Өз елінің әрбір азаматы өз елінің құқықтары мен дәстүрін білуі тиіс. Ең басты бағыты ол Қазақстан мемлекетінің азаматы өз тілін толық меңгере білу керек. Мемлекеттік тіл — жарқын да емес, сонымен қатар ешкіммен теңесе қоймайтын, тәуелсіз елімізді катаята ұстайтын, мәдениетті, барлық ұлттар мен елдерді біріктіру.

Н.А. Дектярева ұстазы «Тілді білу- уақыттың бұйыруы» атты дөңгелек үстел өткізді. 8-11 сынып аралығындағы оқушылар

белсенділік танытты. ҚР қазақ тілі мен орыс тілінің маңызды ролін бөліп көрсетті. Оқушылар сұхбаттасып, ауызша тілдерін дамытты. Қорытындылай келе ең белсенді қатысқандарға мадақтамалар мен тәтті сыйлықтар табыс етілді. Онкүндік сайыс оқушылардың қатысуымен мерекелік концертпен аяқталды.

Қазақстан халқы тілдерінің айлығы аяқталса да, оқушылардың есінде көңілді мерекелік көңіл-күйлері сақталып қалады. Қандай тілде сөйлеп жүрсекте, Қазақстан-біздің жалпы үйіміз- деп оқушылар өз ойларын жеткізіп, аяқтады. Осыны ұмытпауымыз керек. Сондай-ақ үлкен қызығушылықпен оқушыларға біздің еліміздің тілімізді, мәдениетімізді ұмытпауымыз керек. Осы тапсырманы біздің мектеп ұстаздары да жүзеге асыруға тырысады.

С.ОМАРОВА, Н.ДЕКТЯРЕВА,
ЕЦ-166/5 мекемесінің № 5
ВССШ ұстаздары

АРДАГЕРЛЕРДІҢ
ЖАУЫНГЕРАК ЖААЫНЫ

Халықаралық қарттар күніне орай ардагерлер арасында жедел шахматтан турнир өткізу дәстүрге айналған сияқты.

Орталық аудандық кітапханада өткізілген осы іс-шара аудандық ардагерлер кеңесі төрайымы Шырынкүл

Кәкенов (Жібек жолы ауылы) — ауданның ең мықты шахматшысы, ол көп жылдан бері облыстық жарыстарда жоғары нәтиже көрсетіп



Ұзақбаеваның және жұмыспен қамту әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысы Гүлзада Жекебаева мен ішкі саясат бөлімі басшы Фатима Накохованың және дене шынықтыру және спорт бөлімі басшысының м. а. Көпжасар Князов пен кітапхана қызметкерлерінің жақсы дайындығының арқасында екенін айта кету керек.

Турнирге қатысушылар мен қонақтарды аудан әкімі Азамат Тайжанов құттықтады. Қарт адамдарға олардың белсенді өмірлік позициясына алғысын білдіріп, бұл іс Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25- жылдығына орай өткізіліп жатқан шара екенін айтып, барлық қатысушыларға зор денсаулық, сәттілік, турнирге қатысушыларға табысты ойын мен жеңістер тіледі.

Турнир басталмас бұрын "Вперед" газетінің экономикалық бөлімінің меңгерушісі, аудан бойынша шахмат командаларының жаттықтырушысы Павел Кеңле, жарысқа қатысушы, еңбек ардагері Борис Петрович Омельницкий сөз сөйледі.

Бірінші тур ақ патша тасының символдық жүріс жасауымен басталды. Ол жүрісті аймақ басшысы Азамат Тайжанов жасады. Содан кейін барлық тақталарда тартысты күрес жалғасын тапты. А. Қ.

келеді. Жеңіс күніне арналған чемпионатта ардагерлер арасында жеңімпаз атанған.

Ол бірінші турдан ақ көшбасшылық танытып нәтижесінде сенімді бірінші орынға ие болды. Екінші жүлдені В. И. Алексеев (Аршалы ауылы), үшінші орынды Б. Рүстемов (Жібек жолы ауылы) иеленді. Чемпиондар мен жүлдегерлер грамоталармен, медальдармен, сыйлықтармен марапатталды. Жүлделерді аудандық ардагерлер кеңесі мен ішкі саясат бөлімі дайындады. Турнирдің ең қарт қатысушысы Е. В. Добрескіге жеке сыйлықтар табыс етілді.

Біздің ауданның ардагерлері мен мықты шахматшылары Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай өтетін қала аралық сайысқа қатысатын болады.

К. БАЛАНДИНА,
Аршалы ауданы,
Суреттерді түсірген:
В. ЦЫПАНОВ.



Жас маман

ЖАС КЕЛСЕ ІСКЕ

Ғалия Германқызы Үстенбекова Ижев орта мектебіне келген жас маман. Ол Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін қызыл дипломмен бітіріп, ауылымызға ағылшын пәні мұғалімі ретінде жұмысқа орналасты. Жас маман ағылшын пәнінің маманы ғана емес сонымен қатар, жан-жақты үш тілді жеттік меңгерген жан. «Үш тілде сөйлеу жетістікке жетудің кілті»-дейді жас ұстаз. Мектеп ішінде үш тілде ән сайысын өткізіп, көптің көңілінен шықты. Өзі әнші, мәнерлеп өлең оқудың шебері, жоспарлаған жұмысы жүйелі бір-біріне байланысты болуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар бос уақытын сыныпты безендіруге арнап, ертеңгі сабаққа дайындалып, дәптер тексерумен өткізеді. Өз өмірін оқушыларға арнап, ағылшынша

үйреткісі келетін жас ұстазға іске сәт дейміз.

Г. ШУКІРОВА,
Ижев орта мектебінің
мұғалімі.



Мәдениет жаңалықтары

МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЖИНАЛЫС

(Басы 1-бетте)

Бұдан әрі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы әр мекеме өз аумағын абаттандыруын, ҚР Тәуелсіздігінің 25-жылдығына арналған іс-шара жоспарын жасап, тақырыпқа сай стенд ресімдеу және алдағы жылы келе жатқан халық шығармашылығы байқауына дайындықты бастау керектігін тапсырды. Жиналыс соңында бөлім басшысы мәдениет саласы қызметкерлерінің туған

күн иелерін құттықтады.

М. МЫРЗАТХАН
Суреттерді түсірген:
С. ВЕТРОВ.



■ Байқау

АЛЛО, БІЗ ДАРЫНДАРАДЫ ІЗДЕЙМІЗ

Әр бала өмірде өзіндік дарынды болады. Дарын тек ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып қана қоймай, баланың айналасындағы қоршаған ортаға да байланысты болып келеді.

Бұл байқаудың ерекшелігі балалардың орындаған әндері мен билерінде және күлкілерінде. Байқау ауданымыздың Жастар орталығында өтті. Дарынды бала-



ларды іздеу мақсатында байқауды жастар орталығының әдіскері Питковская Екатирина дайындап, жүргізді. Ешқандай байқау әділ қазылар алқасынсыз өтпейді. Әділ қазылар алқасы құрамында Мәдениет үйінің директоры Ержан Қорғанбек, Жастар ресурстық орталығының директоры Айнұр Арықбаева, Жастар орталығының меңгерушісі Анна Тілеуенова, Жастар орталығының хореографы Юлия Утеева. Әр баланың өнерін бағалап, таңдау әділ қазылар үшін оңайға соқпады. Байқаудың ережесі 4 бағыттан тұрды. Вокал,



хореография, аспаптық және ерекше жанр. Біз ауданымызда осынша дарынды балалардың тұратынын бүгінгі байқаудан білдік және олар өздерінің мүмкіндіктерін көрсетуден еш қысылған жоқ. Байқау үлкен деңгейде және тартысты өтті. Әділ қазылар әр номинация бойынша орындар берді. «Жас дауыс» номинациясы №3 орта мектебінің оқушысы Нұрай Кудербековаға, «Шебер қолдар» номинациясы



№4 АТК қатысушысы Дмитрий Гаанға, «Грация» номинациясы №1 орта мектебінің оқушысы Анна Васьковаға, «Ерекше жанр» номинациясы АТК №4 студенті Виктория Бондареваға берілді.

Әділ қазылар алқасы қатысушылардың ешқайсысын назардан тыс қалдырған жоқ. №3 орта мектептің балалары мен Биджиева Луизаға белсенді қатысқандықтары үшін деген грамоталармен марапаттады.

Әр бала өз қызығушылығы бойынша музыкант немесе поэт, суретші болуы мүмкін. Өзі қалаған істі, дарынын әрі қарай алып кетсе бақыт деген сол емес пе. Әр адамның бойында ерекше қасиеттері болады. Осы

байқауға қатысқан әрбір өнер иесіне Алла Тағала бойларыңызға берген қасиетті бағалап, биік шыннан және белестерден көріне беріңіздер демекпіз

Қ. ДАСТАНҚЫЗЫ
Суреттерді түсірген:
С. ВЕТРОВ.



■ Қазақстан- 2050

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ ЕҢБЕКАҚЫДАН ҚҰРАЛАДЫ

Бүгін біз БЖЗҚ туралы 5 сауал аядарында БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шотына міндетті зейнетақы жарналарын тұрақты, уақытылы және толық аудару қажеттілігі туралы айтамыз. Сіздің белсенді еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі қамсыздандыруыңыз елеулі дәрежеде осыған байланысты.

БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері неге байланысты?

БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері БЖЗҚ-ға уақытылы аударылған зейнетақы жарналарының көлеміне, жиілігіне, ұзақтығына және толықтығына тікелей байланысты. Осыған орай БЖЗҚ салымшыларға БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу бойынша агенттер аударымдарының уақытылы және толық болуын тұрақты түрде өз бетінше бақылауға кеңес береді. Зейнетақы жинақтарыңызды кез келген БЖЗҚ бөлімшесіне барып не интернет-хабарландыруды таңдап тексере аласыз.

Кім зейнетақы жарналарын төлеу бойынша агент бола алады?

Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен міндетті зейнетақы

жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептейтін, ұстап қалатын (есепке жазатын) және БЖЗҚ-ға аударатын жеке немесе заңды тұлға, сонымен қатар қызметін Қазақстан Республикасында шетелдік заңды тұлғалардың тұрақты мекемесі, филиалдары, өкілдіктері арқылы жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлға агент бола алады. Басқа сөзбен айтқанда, агент – сіздің жұмыс берушіңіз.

Агенттің міндеттері қандай және оларды бұзғандағы жауапкершілігі қандай?

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңының (бұдан әрі - Заң) 39-бабының 10-тармағына сай агент БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын уақытылы есептеуге, ұстап қалуға (есепке жазуға) және төлеуге міндетті.

Заңның бұл нормалары

бұзылса, нақты төленген және қызметкер кіріс алған жағдайда, агент уақытылы ұстап қалмаған (есепке жазбаған) және (немесе) аудармаған міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасын мемлекеттік кіріс органдары өндіріп алады немесе агенттер мерзімі өткен әрбір күнге (Мемлекеттік корпорацияға төлейтін күн қосылады) уәкілетті орган белгілеген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің 2,5 еселенген мөлшерінде есептелген өсімпұлмен бірге міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының пайдасына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленетін қызметкерлердің пайдасына аударуы тиіс (Заңның 28-бабының 1-тармағы).

Сонымен қатар, Заңның 29-бабының ережелеріне сәйкес агенттер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес әрбір қызметкер бойынша есептелген, ұсталған (есепке жазылған) және аударылған міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын бастапқы есепке алуды

жүргізуге міндетті және міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленетін қызметкерлерге есептелген, ұсталған (есепке жазылған) және аударылған міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары туралы мәліметті есептің кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей ай сайын ұсынуға міндетті.

Зейнетақы жинақтары жоқ не жеткіліксіз адамдар не істеуі керек?

БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары жоқ не зейнетақы жарналары тұрақсыз аударылатын тұлғаларға, сондай-ақ жұмысқа орналасқысы не қосымша жұмыс істегісі келетін адамдарға Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің «Тұлғаларға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарына қатысуға жолдамалар беру» мемлекеттік қызметінің стандартын әзірлегенін хабарлаймыз, қызметті Астана және Алматы қалаларының, облыстық маңызы бар аудандардың және қалалардың жергілікті атқарушы органдары, оның ішінде

облыстардың Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары мен Астана және Алматы қалаларының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары тегін көрсетеді.

Бұл қызметті пайдалану үшін не істеу керек?

Мемлекеттік қызметті пайдалану үшін жергілікті атқарушы органдарға (мекенжайларын және байланыс телефондарын қоса беріп отырмыз) не www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталына өтініш білдіру қажет.

Аталған мемлекеттік қызметті көрсетудің түпкі мақсаты – өтініш білдірген тұлғалардың жұмысқа орналасуы.

Бұл ақпарат сізге пайдалы болады және БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарыңыздың өсуіне, оның ішінде жұмысқа орналасу арқылы өсуіне, осыған орай сіздің БЖЗҚ-дан алатын болашақ зейнетақыңыздың мөлшерінің ұлғаюына көмегі тиеді деп үміттенеміз.

БЖЗҚ байланыс орталығы 14-18 (Қазақстан аумағында қонырау шалу тегін) www.enpf.kz

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

2016 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша «БЖЗҚ» АҚ ағымдағы көрсеткіштері

Алматы, Қазақстан – 2016 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы шамамен 6,41 трлн. теңгені құрады. Шарттардың барлық түрі бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны шамамен 10,10 млн. бірлікті құрады, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен жасалғаны шамамен 9,65 млн. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша салымшылар саны – 408 100 бірлік, ал ерікті зейнетақы жарналары бойынша 38 949 бірлік.

Ағымдағы жылдың 1 тамыздағы жағдайы бойынша шарттардың барлық түрі бойынша ЖЗШ саны 10,15 млн. бірліктен асқанын естеріңізге салайық. Техникалық шоттарды өңдеу бойынша бағдарламаның орындалу есебінен бір айда шарттар саны 50 мың бірлікке азайды. Басқаша айтқанда, 1998 жылдан 2003 жылға дейін жинақтаушы зейнетақы жүйесі іске қосылғанда автоматты түрде ашылған шарт-

тарсыз шоттар саны қысқарды. БЖЗҚ құрылған сәттен бастап қазіргі уақытқа дейін техникалық шоттар санын қысқарту – Қор алдында тұрған стратегиялық міндеттердің бірі. Қазір мұндай шоттар шамамен 498,6 мың бірлік, барлық активтерді БЖЗҚ-ға біріктірген уақытта олардың саны 700 мыңнан көп болды. Салымшылардың техникалық шоттары болса, Қор тұрақты түрде олардың дұрыс деректемелері көрсетілген шоттарындағы зейнетақы жинақтарын біріктіру бойынша іс-шараларды өткізеді.

2016 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша таза инвестициялық табыс сомасы 393,26 млрд. теңгені құрады. БЖЗҚ салымшыларының жыл басынан бергі зейнетақы активтері бойынша табыстылығы 6,6%-ды құрады, бұл ұқсас кезеңдегі құныздану деңгейінен (5,4%) 1,2%-ға жоғары.

Жыл басынан бері БЖЗҚ жасаған зейнетақы төлемдері мен аударымдары 118,54 млрд. теңге мөлшеріндегі соманы құрады, бұған 12,51 млрд. теңге мөлшеріндегі сақтандыру

ұйымдарына аударымдар кірді.

Әрбір салымшы (алушы) кез келген күнге өз ЖЗШ-ындағы жинақтары туралы БЖЗҚ-ның 233 дербес қызмет көрсету орталықтарының бірінен, пошта байланысы арқылы, электрондық пошта арқылы, www.enpf.kz сайтындағы «Интернет-үзінді көшірме» бөлімінен немесе ұялы қосымша арқылы біле алады. Шамамен 2,4 миллионға жуық адам хабарлаудың электрондық тәсілін таңдаған, оның 2,2 миллионы зейнетақы шотын Қордың корпоративтік сайты немесе әр түрлі операциялық жүйелерде жұмыс істейтін смартфондар мен планшеттерге арналған «ENPF» ұялы қосымшасы арқылы бақылай алады. 2016 жылғы 1 қыркүйекте ұялы қосымшаларды жүктеу саны 311,8 мыңға жетті.

2015 жылдың ақпан айында «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат (инвестициялық табыс ескерілген) беру» қызметін іске қосқан сәттен бастап 2016 жылғы 1 қыркүйекке дейін электрондық

үкімет порталы арқылы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарынан 323 мыңнан астам үзінді көшірме берілген.

Салымшылар (алушылар) барлық қызықтыратын мәселелер бойынша БЖЗҚ-ның дербес қызмет көрсету орталықтарына бармай-ақ, қашықтан: телефон, әлеуметтік желілер, «кері байланыс» нысаны және Қордың корпоративтік сайтындағы онлайн чат арқылы кеңес ала алады. Осы арналар бойынша Қорға жыл басынан бері барлығы 90 037 өтініш келіп түсті, байланыс орталығына қонырау шалу 86,5% болды. БЖЗҚ қызмет көрсету сапасын жақсарту аясында салымшылар (алушылар) үшін байланыс орталығына 1418 қысқа нөмірі арқылы қонырау шалу қызметін қолданысқа енгізгенін естеріңізге сала кетейік. Осы нөмірге ҚР кез келген ұялы байланыс операторының телефон нөмірінен және стационарлық (қалалық) телефоннан қонырау шалу тегін әрі қолжетімді.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ

құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz



Ақмола облыстық «Қазақстан» РТРК» АҚ филиалының 2016 ж. 17-23 қазанға дейінгі бағдарламасы «Қазақстан-Көкшетау»

17 қазан. Дүйсенбі
Профилактикалық жұмыс
17.50 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Өзекті әңгіме». Хабар
19.00 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
19.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.15 «Полиглот». Хабар
19.25 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
19.30 Д/ф «Сөнбес сәуле»
19.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
20.35 «Полиглот». Хабар
20.45 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
20.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Өзекті әңгіме». Хабар
22.10 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
22.15 Т/х «Бірінші ханым». 47 серия
23.00 «Аймақ ақпарат»
23.40 Т/с «Нюхач». 3,4 серия
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
18 қазан. Сейсенбі
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
09.05 Т/х «Бірінші ханым». 47 серия
09.55 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
10.00 «Аймақ ақпарат».
10.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.55 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
11.00 Т/с «Аяулы арман». 31,32 серия
12.30 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
12.35 «Өзекті әңгіме». Хабар
13.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.10 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
13.15 «Полиглот». Хабар
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
14.05 М/с «Джунгли кітабы». 5,6,7,8 серия.
14.50 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
14.55 М/ф «Лупдиду».
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Актuальная тема».
Передача
19.00 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
19.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.15 «Алтын мекен». Хабар
19.30 Д/ф «Сөнбес сәуле»
19.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
20.35 «Алтын мекен». Хабар
20.45 Экспертное мнение», «Телемаркет»
20.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Актuальная тема».
Передача
22.10 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
22.15 Т/х «Бірінші ханым». 48 серия
23.00 «Аймақ ақпарат»
23.40 Т/с «Нюхач». 5,6 серия
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
19 қазан. Сәрсенбі
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
09.05 Т/х «Бірінші ханым». 48 серия
09.55 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
10.00 «Аймақ ақпарат».
10.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.55 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
11.00 Т/с «Аяулы арман». 33,34 серия
12.30 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
12.35 «Актuальная тема».
Передача
13.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.10 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»

13.15 «Алтын мекен». Хабар
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
14.05 М/с «Джунгли кітабы». 9,10,11,12 серия
14.50 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
14.55 М/ф «Лупдиду».
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Доводы». Передача
19.00 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
19.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.15 «Жаңа толқын». Хабар
19.30 Д/ф «Сөнбес сәуле»
19.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
20.35 «Жаңа толқын». Хабар
20.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Доводы». Передача
22.10 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
22.15 Т/х «Бірінші ханым». 49 серия
23.00 «Аймақ ақпарат»
23.40 Т/с «Нюхач». 7,8 серия
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
20 қазан. Бейсенбі
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
09.05 Т/х «Бірінші ханым». 49 серия
09.55 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
10.00 «Аймақ ақпарат».
10.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.55 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
11.00 Т/с «Аяулы арман». 35,36 серия
12.30 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
12.35 «Доводы». Передача
13.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.10 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
13.15 «Жаңа толқын». Хабар
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
14.05 М/с «Джунгли кітабы». 13,14,15,16 серия.
14.50 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
14.55 М/ф «Лупдиду».
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Өзекті әңгіме». Хабар
19.00 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
19.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.15 «Вкратце». Передача
19.30 Д/ф «Сөнбес сәуле»
19.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
20.35 «Вкратце». Передача
20.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Өзекті әңгіме». Хабар
22.10 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
22.15 Т/х «Бірінші ханым». 50 серия
23.00 «Аймақ ақпарат»
23.40 Т/с «Вангелия». 1,2 серия
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
21 қазан. Жұма
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
09.05 Т/х «Бірінші ханым». 50 серия
09.55 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
10.00 «Аймақ ақпарат».
10.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.55 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
11.00 Т/с «Аяулы арман». 37,38 серия
12.30 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
12.35 «Өзекті әңгіме». Хабар
13.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.10 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
13.15 «Вкратце». Передача
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
14.05 М/с «Джунгли кітабы». 17,18,19,20 серия
14.50 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
14.55 М/ф «Лупдиду».
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Актuальная тема». Передача
19.00 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
19.05 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж
19.15 «Салауат». Передача
19.25 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
19.30 Д/ф «Сөнбес сәуле»
19.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
20.35 «Салауат». Передача
20.45 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
20.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Актuальная тема».
Передача
22.10 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
22.15 Т/х «Бірінші ханым». 51 серия
23.00 «Аймақ ақпарат»
23.40 Т/с «Вангелия». 3,4 серия
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
22 қазан. Сенбі
10.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
10.05 «Аймақ ақпарат».
10.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.55 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
11.00 Т/х «Бірінші ханым». 51 серия
12.00 «Спорт лайф». Хабар
12.10 «Доводы». Передача
12.40 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
12.45 «Өзекті әңгіме». Хабар
13.10 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
13.15 М/с «Шерлок Як». 18,19 серия
13.45 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
13.50 «Спорт лайф». Хабар
14.00 «Аймақ ақпарат»
14.40 «Томпак». 11 бөлім
15.10 «Сағындырған әндер - ай». Концерт
16.30 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
16.35 «Актuальная тема».
Передача
17.05 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
17.10 К/ф «Мален ханшайым»
18.05 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
18.10 «Жыр – ғұмыр». Хабар
18.30 «Знаете ли Вы?». Передача
18.40 «Спорт лайф». Хабар
18.50 «Народный вопрос».
Передача
19.00 «Өңір өрнегі».
19.30 «Картинa недели»
20.00 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
20.05 Т/х «Бірінші ханым». 52 серия
21.00 «Рухани мұра». Хабар
21.10 «Знаете ли Вы?». Передача
21.20 «Жыр – ғұмыр». Хабар
21.40 Спорт лайф». Хабар
21.50 «Народный вопрос».
Передача
22.00 Т/с «Когда ее совсем не ждешь» 5,6 серия
00.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
23 қазан. Жексенбі
10.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
10.05 «Өңір өрнегі».
10.35 «Картинa недели»
11.05 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
11.10 Т/х «Бірінші ханым». 52 серия
12.00 «Томпак». 12 бөлім
12.30 «Рухани мұра». Хабар
12.40 «Актuальная тема».
Передача
13.10 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
13.15 М/с «Шерлок Як». 20,21 серия
13.45 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
13.50 «Рухани мұра». Хабар
14.00 «Өңір өрнегі».
14.30 «Картинa недели»
15.00 «Екі ғашық». Концерт
16.30 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
16.35 «Өзекті әңгіме». Хабар
17.05 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
17.10 К/ф «Қайырымды ханшайым».
18.05 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
18.10 «Рухани мұра». Хабар
18.20 «Народный вопрос».
Передача
18.30 «Знаете ли Вы?». Передача
18.40 «Жыр – ғұмыр». Хабар
19.00 «Өңір өрнегі».
19.30 «Картинa недели»
20.00 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
20.05 Т/х «Бірінші ханым». 53 серия
21.00 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
21.05 Т/с «Когда ее совсем не ждешь» 7,8 серия
22.25 К/ф «Тұңғық 2»
00.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

Ұмытылмас ұлы есім

ҰСТАЗ-ҰПАҒАТЫМ

Биік сенің ұстаздық қасиетің,

Мінезің жоқ қиынға бас иетін.

Өмірге тәрбиелеп құлшындарған

Жадымызда сақталар өсиетің-

Демекші, осынау сөзде қаншама мән-мағына жатыр десенізші! Ұлағатты ой иелері де, арман оты жүрегінде алаулаған жеткіншектер де, парасатты қоғам қайраткерлері де бір адамға қарыздар. Ол- әрине ұстаз. Алғаш әліппенің бетін ашып әріп танытқан, өмірдің қыр-сырын білуге, сан қилы құбылыстарды терең түсінуге мұрындық болып адамгершілікке баулыған ұстаздың бейнесі көңіл тәрізін орын алады. «Ұстаз» деген – мәңгі өшпейтін, мәңгі жасайтын есім. Ол қай жерде жүрсе де әрбір шәкірт болған адамның жүрек түпкірінде болуы тиіс деп ойлаймын.

Ұстаз кім? Мұғалім ол дана.

Жасқа да, қартқа да

Қамқоршы сол ғана.

Ұстаз кім? Ұстаз – ол ер дихан,

Шыңдаған ерлікке, дарытқан мол білім, мол сана,- дегендей ұстаз- адам өміріндегі ең қымбат жанның бірі. Ол шәкірттерінің көкірек көзін ашып, дүние танымын кеңейтіп, қияға канат қақтырады. Өмірдің қыр-сырын білуге, сан қилы құбылыстарды терең түсінуге, шәкірттерін адамгершілікке баулиды. Ұстаз туралы айта берсең санаңнан қаншама сөздер шыға берері анық...

Ақырын жүріп анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас

Үйретуден балаға,- деп хакім

Абай айтқандай егер әр шәкірт өмірде бір кірпіш болып қаланып, ұстаздан озып жатса, төккен тер мен адал еңбектің акталғаны емес пе? Олай болса біз еңбегі акталған ұстаздарымызды әрқашанда құрмет тұтып, қастерлеп жүрейік дегім келеді. Ыбырай атамыз «Жақсы

құлшындарған

Жадымызда сақталар өсиетің,

-демекші әр жылдың қазан айының бірінші жексенбісі ұстаздар қауымының төл мерекесі болып саналып келеді. Ұстаздар төл мерекелеріңіз құтты болып, әрқашан сыналған шақта сүрінбей, қадамдарыңызға нұр жаусын дегім келеді.

М.МУХАМЕДИЯРОВА,

№ 3 Аршалы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Салт- дәстүр

«ӨЛІ–ТІРІ» ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

ЕКІ ЖАС ҮЙЛЕНГЕНДЕ ЖАСАЛАТЫН ҚАЗАҚЫ
ДӘСТҮРЛЕРДІҢ ІШІНДЕГІ ЕҢ МАҢЫЗДЫСЫНЫҢ БІРІ
«ӨЛІ-ТІРІ».

Қызға құда түскен жақ құдалыққа келгенде «Өлі-тіріге» арнаған малын қоса ала келеді. Ол қой болғаны дұрыс. әрі семіз, әрі жас мал болса, еті жұмсақ және дәмді болады. Жиналған қауым ризашылықпен ауыз тиіп, от батасын береді. Негізінен мұсылмандық қағидалары бойынша дәмді ас беру үлкен сауаптардың біріне жататынын ескерген жөн. Және де құдалардың әкелгені көңілге қонымды болса, қыздың ата-анасының, туған- туыстарының мәртебесі көтеріліп, ел алдында бір маркайып қалатыны тағы бар. Қызының жөн білетін, өсіп-өнген жерге барғанына іштей қуанады. Ата-ана үшін ең маңыздысы –қызының бақыты. Ал қызының бақытты болуы оның ата-енесіне де байланысты екендігін үлкендер жақсы біледі. Қазақта «Жақсы жерге түскен келін-келін, жаман жерге түскен келін-келі сап», «Жібекті түте алмаған жүн етеді, келінді күте алмаған күң етеді» деген сөз бар. Мұнда келіннің жақсы болып қалыптасуы оның ата-енесіне байланысты екендігі тауып айтылған. Яғни үлгілі келін жақсы ененің тәрбиесінде деуге болады. Сондықтан да ата-ененің алғашқы қадамдары жана түскен келінге үлгі әрі тәрбие. Өзі бір үйдің босағасын аттап отырғанда оған жасалған құрмет, жылы ілтипат келіннің алғашқы отбасылық тіршілігіне деген қызығушылығын арттырады,

жаңа туыстарына жақындастыра түседі.

Үлкендердің құдалық рәсімі шын көңілден, үлкен махаббатпен орындалғаны абзал. Оның ішінде жоғарыда айтылып өткендей «Өлі-тіріге» әкелінген малдың етінен ағайын- туыс, жора-жолдас, көрші-қолаң түгелдей ауыз тиеді. Тұрмысқа шыққан қыздың бақилық дүниеге өткен ата-бабаларына құран бағышталады. Яғни, бұл дәмге өлі де, тірі де разы болсын деген ниетпен жасалатын «Өлі-тірі» рәсімі көпшілікке арналатын құдайы садақа. Сойылған малдың еті түгелімен асылады. Бұл асылған малдың етінен ұзатылатын қыз дәм татпайды. Қазақтар барар үйдің босағасын аттамай тұрып, оның дәмін татса, кездейсоқ кедергілер кездесіп, ол жақтың дәм-тұзы бұйырмай қалуы мүмкін деген ырым да бар. Сонымен қоса халқымыз «Өлі-тірі» берілмеген қыз ашушаң болады деген ырымда кездеседі. Сондықтан талай ғасырлардан бері өміршеңдігін жоғалтпаған бұл рәсімнің орындалғаны жөн. «Өлі есіркемей, тірі байымайды» деген халық даналығы осындайда айтылса керек.

Кей жағдайда құдалар алыс жолдан келеді. Мұндайда мал әкелу қиыншылық туғызатын болса, құдалар «Өлі-тіріге» кететін қаражатты атап береді. Ал құдалар ол ақшаға аталған кәдені жасауға міндетті.

Меншік иесі: «Аршалы – инфо» ЖШС Газет аудан әкімінің қолдауымен шығады	РЕДАКТОР М. МЫРЗАТХАНҚЫЗЫ.	Біздің мекенжайымыз және телефонымыз: 020200, Аршалы кенті, аудандық әкімдік, 1 қабат. Байланыс телефоны: жарнама бөлімі – 2-13-57. Хабарландыру және жарнама мазмұнына жарнамашы жауап береді. Жарияланған мақалалардағы автор көзқарасы редакцияның ой-ұстанымын, пікірін білдірмейді.	Апталық таралымы 271 дана. Көлемі 2 баспа табақ. Тапсырыс № 1 Индексі: 65815. Газет Астана қаласы, Брусиловский көшесі, 87, «Астана Полиграфия» АҚ теріліп, басылады.
--	-------------------------------	--	---